

Р.С.Чекетаева¹, А.А.Ислямова²

¹т.ғ.к., «БАҰО «Өрлеу» АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Өскемен қ., Қазақстан

²тарих магистрі, «БАҰО «Өрлеу» АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Өскемен қ., Қазақстан

ТАРИХ САБАҒЫНДА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушыларды алға жылжыту үшін саралауды қолдану жайлы қарастырылған. Тарих пәніндегі саралау оқыту мәселелері, саралаудың түрлері мен деңгейлеріне қысқаша талдау берілген. Балалардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін, білімді неғұрлым терең игеруге, жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған деңгейлік тапсырма арқылы саралау туралы жазылған.

Түйін сөздер: оқушы, саралау, оқытуды саралау, саралау оқыту, деңгейлік тапсырма, жіктеу.

Cheketaeva R.S.¹, Islyamova A.A.²

¹Candidate of Historical Sciences, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "National Center" Orleu ", Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

² Master of History, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "NCPD" Orleu ", Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF USING DIFFERENTIATION METHODS IN HISTORY LESSONS

Abstract

The article provides a brief analysis of the problem of differentiation of learning, types and levels of differentiation in history. Special attention is paid to level differentiation, which contributes to a more solid and deep learning of knowledge, the development of individual abilities, the development of independent creative thinking of children.

Key words: student, differentiation, differentiation of training, differentiated instruction, leveled homework, classification.

Чекетаева Р.С.¹, Ислямова А.А.²

¹Кандидат исторических наук, Институт повышения квалификации учителей Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК» Орлеу», Усть-Каменогорск, Казахстан

² Магистр истории, Институт повышения квалификации учителей Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК» Орлеу », Усть-Каменогорск, Казахстан

ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДОВ ДИФФЕРЕНЦИАЦИИ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Аннотация

В статье проводится краткий анализ проблемы дифференциации обучения, виды и уровни дифференциации по истории. Особое внимание уделяется уровневой дифференциации, способствующей более прочному и глубокому усвоению знаний, развитию индивидуальных способностей, развитию самостоятельного творческого мышления детей.

Ключевые слова: ученик, дифференциация, дифференциация обучения, дифференцированное обучение, уровневое задание, классификация.

Мұхтар Әуезов «Мұғалімнің ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес» деген пікірінің астында терең мағына жатыр. Ойланып қарасақ, бұл ойдың астында саралап оқыту жатыр. Саралап оқыту — орта мектепте оқыту тәсілі, оқушылардың танымы, бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу. Сөздіктерде берілгендей «Difference» – латын тілінен аударғанда бүтінді түрлі формаға, элементке, бөлшекке мүшелеп бөлу, саралау дегенді білдіреді.

Оқытуды саралау дегеніміз - оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру. Әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психолого-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

Саралап оқыту дегеніміз - оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиеттері ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үдерісін ұйымдастыру нысаны; Әртүрлі оқушылар тобы үшін арнайы оқу үдерісін қамтамасыз ететін дидактика жүйесінің бір бөлігі [1].

Жағымды аспектілері: мұғалімде әлсіздерге көмектесуге, мықтыларға назар аударуға мүмкіндік болады. Қоғамдық нормаларға бейімделе алмайтын қиын балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік туады. Мықты оқушылардың білім беру үдерісінде жылдам және тереңнен білім алуға деген ынталары жанданады.

«Оқу үдерісінде оқушылардың «өте қатты қобалжу» мен «зерігу» сәттері кездеседі. Қобалжу - мұғалім оқушыдан тым көп нәрсені күткенде, ал зерігу – оқушыға өте аз ұсынғанда пайда болады» [2], - деген Михай Чиксентмихай талап ету және оқу теориясы бойынша саралау дұрыс жүргізілсе оқушы ағымнан қалмай жұмыс жасайды. Саралап оқытудың бірнеше мақсаттары бар:

Әлеуметтік тұрғыдан: қоғамның шығармашылық, зияткерлік және кәсіби әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған, қоғамның әрбір мүшесінің мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін ұмтылу.

Психологиялық тұрғыдан: «мұғалім-оқушы» жүйесінен «субъект-субъект» қарым-қатынасына көшу үшін қолайлы жағдай туғызу, рефлексияға дағдылану: 1. Мен істеп жатырмын? – пәндік мазмұнның өз әрекетіндегі талдауы. 2. Қалай істеп жатырмын? – өз қызметіндегі тәсілдерге талдауы. 3. Не үшін жасап жатырмын? – өз құндылықтарын анықтауы.

Әдістемелік тұрғыдан: білім берудегі мәселелерді сыртқы және ішкі саралау арқылы шешу, әрбір оқушыға жеке білім траекториясымен өсу үшін мүмкіндік туғызу.

Дидактикалық тұрғыдан: жеке оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың әдістері мен нысандарын, құралдар жиынтығын іске асыру арқылы әр оқушының қызығушылығын арттыру мен қабілеттерін дамыту [3].

Саралау қолданылатын сыныпта барлық оқушылар өздерінің әр түрлі оқитынын түсінеді және бір бірінің оқу үдерісіне қосқан үлесін бағалауды үйренеді.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған келесі тәсілдерін қарастыруға болады [4]:

Тапсырма арқылы саралау: мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

Дереккөздер арқылы саралау: кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады. Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын арқылы саралау: кейбір оқушылар басқа оқушыларға қарағанда жылдам жұмыс жасайды, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға да біршама уақыт беріледі. Мұғалім сабақ басталғанда ақ бірден байқайды, сабақтың тақырыбын жазғызғанда аз

бөлігі жылдам жазып болып қояды, басқа бөлік жазып жатады, тіпті бая жазатындарда бар. Жазып болып қойған оқушы, зерігіп кетпеу үшін мұғалім оған мәтіннен тірек сөздерді немесе қандай тарихи тұлғаны оқитынын іздете беруге болады. Әйтпесе басқа да тапсырмасын даярлап қою қажет, яғни қарқын арқылы саралауда оқушылардың жылдамдығын ескереміз.

Қорытынды арқылы саралау: барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету арқылы саралау: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады, бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау арқылы саралау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттілігіне қарай үнемі түзеіліп отыруы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу арқылы саралауда оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар. Мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әр түрлі оқушылар, жигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар, срапшы топ, гендерлік, аралас гендерлік топ деп жіктеп топтастыруға болады [4, 84 б].

Мысалы, гомогенді топ – топ мүшелерінің зияткерлік деңгейлері шамалас, қызығушылық танытатын салалары ортақ. Гетерогенді топ – топ мүшелерінің танымдық деңгейлері бойынша барлығы күшті немесе төмен. Бұндай құрылымдалған топтарда жұмыс істеу оқушыларға жеңіл. Ал, құрылымдалмаған немесе аралас топтарда оқушылардың бірлескен жұмыстарыда мұғалім дұрыс ұйымдастырса сәтті шығады.

Оқытудың болжалды міндеттеріне қарай топ құрудың өзі саралаудың жіктеу тәсіліне жатады. Бұлай жұмыс істеу тиімді болды. Себебі, «С» оқушы сабақтың басында құрылымдалмаған топта отыруда басқалардың қарқынына ере алмай, өзіне деген сенімсіздік көрсеткен еді. Ал қазір оқудағы жетістігін сезінуге мүмкіндік алды, нәтижесінде Чиксентмихай айтқан «өзіндік мақсатты» қалыптастыруға арналған жағдайлар болса оқушылар ағыннан қалмай жұмыс жасайтынын ұғып, бірлескен оқу дұрыс ұйымдастырылғандықтан белсенді оқу әдістерін қолдану оқушылардың өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына әсер етеді. Дамуы мен өзгерістерін сараланған бағалаудың ерекшеліктері және оқытудағы уәждеу тәсілдері арқылы басқарса болады.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс [5]. Инклюзивті білім беру мен инклюзивті сынып мағынасы арасындағы айырмашылықты мұғалім түсінуі керек. Сабақта тапсырма сараланып берілсе алымы нашар оқушы өз күшіне сенімін жоғалтпай, күштілер орташалар қатарына түспей сыныпта алға ілгерілеу жүреді, бүкіл сынып қамтылады.

Дәстүрлі оқытуда оқушылардың жеке қабілеттеріне бейімделу мүмкіндігі аз. Бағдарлама орташа оқушыға бейімделген. Ал ынтасы, алымы төмен оқушылармен жұмыс істеу, оларды алға ілгерілету үшін не істеу керектігі әрбір мұғалімді мазалайды. Сыныпта сонымен қатар басқа оқушылардан білім, білік, дағдысы бойынша көш ілгері оқушылар отыр. Мұғалімдер сыныптағы алымдары үш түрлі оқушыларды толық қамтуы мүмкін немесе керісінше не ұмытып кетеді, не керісінше соларға көп көңіл бөліп қояды. Сабақтың интерактивті және инклюзивті болуын қамтамасыз ету дұрыс жолға қойылса аталған кемшіліктерге жол бермеуге болады. Деңгейлік саралаудың мәні – бір сыныпта бір бағдарламамен және бір оқулықпен оқи отырып, оқушылар оқу материалын әр түрлі игереді.

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарымен келісілген болуы керек. Яғни, сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында құрастырылады. Мысалы, сабақтың тақырыбы «Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты», осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты «7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау» [6]. Осы оқу мақсатынан сараланған сабақ мақсаты шығады.

Барлық оқушылар: Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау.

Оқушылардың басым бөлігі: Абылай ханның қазақ хандығын нығайту жолындағы қызметіне баға беру.

Кейбір оқушылар: Абылай ханның ішкі саясатта жүргізген реформалары мен сыртқы саясаттағы негізгі бағыттарының ерекшеліктерін дәлелдеу;

Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының ішінде осы сабақ мақсаттарын ашатын тапсырмалар берілуі керек. Байқап отырғанымыздай саралау сабақтың мақсатынан басталып тұр. Материалды игеру деңгейін, оны оқу жылдамдығын (қарқынын) және бақылау тәсілдерін таңдауға оқушыларға ерік бере отырып, нәтижеге жете аламыз.

Сабақты оқытуда деңгейлік саралаудың негізгі мақсатты бағыттары төмендегідей: қайталау деңгейдегі тапсырмалар білім берудің міндетті деңгейінен тұрады. Бұл жерде ең бастысы анықтаушы ретінде міндетті дайындық деңгейін атауға болады. Оқушыларға мұндай тапсырмаларды орындау үшін дайын алгоритм беріледі, олар алгоритмге сүйене отырып, тапсырманы біртіндеп орындайды. Мысалы, атлас картадан Түрік қағанатының аумағын кескін картаға түсіруге тапсырма беріледі. Атласта барлығы нақты көрсетіліп оны бала кескін картаға көшірсе де оған орындау үшін алгоритм беріледі. Түрік қағанатының қамтыған аумағының шекарасын кескін картаға түсіріңіз, жаулап алған жерлерін белгіленіз деген сияқты тапсырманы орындау үшін қадамдарды көрсетеміз.

Осы жерде тиімді оқыту және оқудың сегіз тәсілінің модельдеуін көруге болады. Модельдеу барысында іске асып жатқан ойлау үдерістерін түсіндіре отырып мысал ұсыну барысында оқушыларды бір мезгілде пән мазмұны туралы ойлануға және сарапшы ретінде әрекет етуге жетелейді. Модельдеу дегенде бір заттың моделін жасау турғысынан қарастырылмайды (модель сөзі басқашада қолданылады), модельдеу оқушыға тапсырманы орындаудың жолын көрсету, қадамын беру мағынасында қарастырылады. Ерекше көмекті қажет ететін оқушылардың ресурстармен қамтамасыз етілгендігіне немесе берілген материалды мұғалімнің, сыныптасының көмегімен алатындығына көз жеткізуіміз керек.

Орта (өнімді) деңгейдегі тапсырмалар жаңа материалды жалпылауды қажет етеді, қорытындылар жасауға, жаңадан туындаған жағдайларда өз білімін қолдана білуге итермелейді [7]. Мұнда оқушыларға мұғалім берген дайын мәліметтерді немесе мәселенің жалпы шешімін негізге ала отырып, тапсырманы орындау ұсынылады. Мұғалім берілген тапсырманы шешудің бір нұсқасын өзі көрсетуі мүмкін, ал оқушылар ойланып, өздерінің шешу жолдарын жүзеге асыруы тиіс. Мысалы, өтіліп жатқан тақырып бойынша тезис әзірлетуге кәртішке, оқулықтың сұрақтары бойынша (өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар) тапсырмаларды орындатуға болады.

Жоғары (шығармашылық) деңгей - шығармашылық элементтерден құралған тапсырмаларды орындаудан тұрады. Блум таксономиясының талдау, жинақтау, бағалау сатылары кіреді. Мектеп оқулықтарында көбіне шартты * белгісімен шығармашылық тапсырма деп көрсетіледі. Бұл топқа жататын оқушылар тапсырмаларды өз бетінше орындайды, осылайша «күшті» балаларға өз қабілеттерін барынша көрсетіп, тиісті бағасын алуға мүмкіндік туады. Оның жетістіктері материалды игеру бойынша қажетті шағын талаптарды оқушының орындағанының айғағы болып табылады. Бұл деңгейдің негізінде материалды игерудің жоғары деңгейі қалыптасады.

Осылайша ілгерілемелі үдеріс бойынша оқушы алғашқы (төменгі) сатыдан бастап, өз мүмкіндігіне сәйкес деңгейге дейін көтеріле алады. Оқушылардың алға ұмтылуына мұғалім ықпал ете отырып, оқушыны өзі орындап отырған тапсырма деңгейінен келесі деңгейге жеткізуге жұмыс істеу қажет. Ескеру қажет ететіні оқушыны деңгейге бөлген дұрыс емес, тапсырма деңгейлі болады. Алдымыздағы барлық оқушы тең құқылы.

Тапсырма арқылы саралауда *күрделігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырма арқылы саралауға* болады.

I-деңгей.

1. Оқулықта берілген мәтінді оқып Византияның дипломатиялық саясатының бағыттарын анықтаныз.

2. Византия қай мемлекеттермен дипломатиялық байланыстар жасағанын картадан көрсетіңіз.

II-деңгей.

1. Берілген қосымша мәтінді оқып (*оқып отырған мұғалімдерге ескерту бұл дереккөз арқылы саралауға да жатады*), екі билеушінің сарайларының ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын салыстырыңыз.

«Агафия тарихының жалғасы» деген еңбегінен	жазбаларынан
<p>Қаған шатыр ішінде екі дөңгелекті алтын тақ үстінде жайғасыпты. Бұл қос дөңгелекті алтын тақты қажет кезінде бір атқа жегіп жүруге болады екен. Земарх варварлардың әдет-ғұрпы бойынша тізе бүгіп, бас иіп амандасып, өзінің сыйлықтарын тапсырды. Бұл сыйлықтарды тиісті адамдар қабылдап алды. Бұдан кейін олар күні бойы той тойлады, соның ішінде шатырдың ішінде де тамақтанды.</p> <p>Келесі күні олар басқа бөлмеге жайғасты, мұнда алтын жалатқан ағаш тіреулері бар, төрт алтын тауыс бейнелі аяқтары бар алтындалатын тақтаға отырды. Бұл бөлменің алдында қораптары күміске, тағамдарға толы себеттер тиелген көп арбалардан көз сүрінгендей еді. Арбалардың үстінде жасалу сапасы біздің елдегіден кем түспейтін төрт аяқты күміс бұйымдар да көп еді. Қағанның алтыннан жасалған төрт тауыс құс көтеріп тұратын төсегі, түрлі аңдардың күмістен жасалған бейнелері византиялық өнер үлгілерінен кем түспейтін еді. Түрік патшасының сән-салтанаты осындай екен</p>	<p>Константинопольде император сарайына тіркесе салынған таңғажайып салтанатты әсем зал бар. Император тағынын алдында жезден жасалған, бірақ алтынмен апталған ағаш тұр. Оның бұтақтары қоладан соғылған. Әр алуан құстарға толы. Әр құс өзіне ғана тән айрықша әуенмен сайрайды. Ал император тағының шебер жасалғаны соншалық, әуелі ол тіпті аласа жер деңгейімен бірдей сияқты, одан кейін әлгіден анағұрлым биігірек, ақыр соңында ауада қалықтап тұрғандай болып көрінеді. Өте үлкен тақты, сақшылар тәрізді, алтындалған арыстандар қоршаған, олар құрықтарымен жерді айбарлана сабалап, ауыздарын арандай ашып, тілдерін салақтатып, зор дауыспен гүрілдейді. Мен, белгіленген рәсім бойынша, императордың алдында оны құрметтеп үшінші рет иіліп, басымды көтергенімде император мүлде басқа киімде залдың нақ төбесінде тұрғандай болып көрінді</p>

III-деңгей.

1. Параграфтағы мәтінді, берілген қосымша деректерді пайдаланып салыстыру кестесін толтырыңыз.

Салыстыру сұрақтары	Византия	Түрік қағанаты
Иранмен қақтығыстардың саяси себептері қандай?		
Билеушілердің есімдері		
Елшілікті жіберудегі мақсат, мүдделері		
Елшілері		
Елшіліктің нәтижелері		
Тарихи құжаттар мен мәліметтер, деректер		

Үш деңгейлі тапсырманы орындау барысында барлық оқушыны уақытпен шектеуге болады. Үш деңгейді орындап шығуға 10 минут берсек сол уақытта кейбір оқушылар барлық тапсырманы орындаса, басым бөлігі 2 деңгейді, ал біреулері тек бастапқы тапсырмаға ғана үлгеруі мүмкін. Жиі, жиі деңгейлік тапсырмаларды орындатуға жаттыққан оқушы міндетті түрде алдыға жылжиды.

Тапсырма арқылы саралауда оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде түрлі тапсырмалар беру керек пе?) сараланады. Мысалы, сабақта оқушылардың қажеттіліктеріне қарай оқушыларға кәртішкемен тапсырмалар беруге болады.

Қолдауды көп қажет ететін оқушыларға:

Византияның дипломатиялық саясатының дұрыс берілген бағыттарын көрсетіңіз:

- а) Саяси, экономикалық, мәдени;
- ә) Қоғамдық, саяси;
- б) Мәдени, рухани.

Қолдауды аз қажет ететін оқушыларға:

Византияның сыртқы саясатының негізгі бағыттарын жазыңыз:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

Қолдауды қажет етпейтін оқушыларға:

Византияның сасанилер, эфталиттер, түріктермен сыртқы саясатта қандай дипломатиялық байланыс жасағанын жазыңыз:

1) Сасанилер _____

2) Эфталиттер _____

3) Түріктер _____

Білім, білік, дағдысы деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар да саралау тапсырмаларына кіреді. Сабақта тақтаға немесе конвертке үш түрлі түсті қағазға жазылған сұрақтарды беруге болады. Оқушыларға түс бойынша сұрақтардың қиындық деңгейлері айтылады.

Жасыл түс: Византия көрші мемлекеттермен қандай байланыстар жасады?

Сары түс: Түрік қағаны Истемиге 568 жылы Византия неліктен елші жіберді?

Қызыл түс: Византияның сыртқы саясатының қандай ұтымды және ұтымсыз жақтары болды?

Осылайша қиындық деңгейіне байланысты сұрақ арқылы саралауда барлық оқушылардың жауап беруіне мүмкіндік беріледі. Мұғалім сұрақ қойғанда да саралап қояды. Егер сыныптағы С оқушыға қиын сұрақ қойсаңыз әрине жауап бере алмайды, ал сұрақты оның алымы бойынша саралап қойсақ ол жауап бере отырып өзіне деген сенімділігі арта түседі. Бірақ оқушы сұрақтың, тапсырманың сол деңгейінде қалып қалмай алға ілгерілеуі керек. Оқушылар мұны үнемі байқап қойып мұғалімдерге айтып жатады басқа балаларға жеңіл сұрақ қойдыңыз, маған қиын сұрақ қойдыңыз деп. Сабақта жабық та, ашық та сұрақтар қолданылса тиімділігі артады. Жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдану арқылы оқушылардың жоғары деңгей ойлау дағдыларын іске қосуға ынталандырамыз. Жабық сұрақтардың жауабы оқулықта бар, ашық сұрақтар талдауды, жинақтауды, бағалауды қажет етеді. Көбіне оқушы оқулықтан алған білімін біліп, түсінуі бойынша ашық сұраққа жауап іздейді. Білмесе түсінбейді, түсінбесе қолданбайды, білімін қолдана алмаса талдай алмайды. Қазіргі таңда ғалымдар «барлығына жарамды» моделі бір адамға да онша пайдалы емес, ең оңтайлысы – «біреуіне жарамды» оқыту деп отыр.

Фриман деген ғалым дарынды оқушыларды тексеру парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды балаларды анықтау барысында қате бағыт беретіні жайында зерттеулерге мысал келтіреді. Дегенмен ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді пайдалануға болады. Олар: «Есте сақтау және білім», «Өз білімін жетілдіру», «Ойлау қабілетінің жылдамдығы», «Мәселені шешу», «Икемділік», «Күрделілікке деген сүйіспеншілік», «Шоғырлану», «Ерте символдық белсенділік [8, 67 б.]. Мұғалімдер осы өлшемдердің біріне дәл келетін оқушыларды ескеруге тиіс және тапсырмаларды құру кезінде оларды ойлауға қажет. Дарынды оқушылардың өзіне тапсырманы сараламай берсек оларда да алға ілгерілеуде кедергілер болады. Себебі, егер саралау қолданылмаса дарынды балалар үшін қиындық олар сияқты тез оқымайтын балалармен уақыт өткізу болып табылады. Ал, тез оқымайтын оқушыда басқалардан артта қалып қалу сезімі пайда болады. Ол ішкі уәжді жоғалтуы мүмкін.

«Гүл» деген сөзді қарасақ өмірде әр түрлі гүл бар. Оларды түстері, жупар исі, күлтелері, түсі, тамыры, жапырағы, гүлдеу мерзімі, шыққан отаны т.б. бойынша жіктей аламыз. Бір гүл ұғымына біріктіріп тұрған гүлдердің бәріне бірдей күтім жасасақ, олардың көбі өспей қалады. Себебі, әр гүл тұқымына әр түрлі күтім қажет. Сонда ғана ол құлпырып гүлдейді. Аяқ киім ұғымына біріктіріп тұрған әр түрлі аяқ киімдерді де бір қара түсті креммен боямаймыз. Ал сабаққа келгенде сыныпта отырған әр түрлі оқушыға бірдей тапсырма бере саламыз. Сыныпта төрт қадам бар екені бәрімізге мәлім. Жекелей, жұптық, топтық, бүкіл сыныппен жүргізілетін тапсырмалар бар. Бірдей тапсырманы бүкіл сыныппен жұмыста беруге болатын шығар. Оның өзінде мұғалім сұрақты да, кері байланысты да саралап береді. Саралау дұрыс қолданылса сыныптағы әр оқушы алға ілгерілейді, оқу мақсатына қол жеткізеді, оқуға ынталы болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Андирова В. Саралап оқыту туралы ойлар. -2018. – 05 ақпан. https://www.cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Venera_Andirova&post_id=saralap-okitu-turaly-oilar

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей.- «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. – 306 б.

3. Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Л.М., Бородкина Г.В., «Дифференциация обучения: Педагогическая и физиолого-гигиеническая оценка». // Педагогика. - 1992. - №9-10.

4. Мұғалімге арналған үлестірме материалдар. Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» біліктілікті арттыру курсы. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

5. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы № 292 қаулысына 6-қосымша.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 18-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 206-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

7. Селевко Г. К. и др. Дифференциация обучения. Ярославль, 1995.

8. «Тиімді оқыту мен оқу» мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.